

«Келісілді»
«ШҚО кәсіптік білім беру орталығы»
КММ директорының м.а.
_____ Л. Кездикбаева
« ____ » _____ 2023 ж.

«Бекітемін»
ҚАЕУ Жоғары колледжінің
директоры
_____ М. Кикина
« ____ » _____ 2023 ж.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 78 жылдығына және Қазақстан
Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуының 31 жылдығына арналған
облыстық саптық және әндер байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ

Өскемен қ., 2023 ж.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1 Осы ереже ҚАЕУ жоғары колледжінің 20 жылдығын мерекелеу шеңберінде Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 78 жылдығына және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құрылуының 31 жылдығына арналған облыстық саптық және әндер байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтау және марапаттау тәртібін, қатысу тәртібін, өткізу мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Мақсаты - студенттердің жоғары әлеуметтік белсенділігі мен патриотизмін, өз Отанына деген азаматтық пен адалдық сезімін, Отанға деген сүйіспеншілігін, Отанды қорғауға дайындығын мақсатты түрде қалыптастыру.

2.2 Міндеттері:

- ҚР ҚК-де әскери қызметті насихаттау;
- жастардың дене тәрбиесін, денсаулығын нығайту;
- колледждердің ең мықты командаларын анықтау.

3. ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ

3.1 Ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті): «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, ҚАЕУ Жоғарғы колледжі.

3.2 Ұйымдастыру және өткізу жөніндегі басшылықты ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады, оның құрамына ҚАЕУ Жоғарғы колледжі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, әдістемелік және ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары, бастапқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысы кіреді. Ұйымдастыру комитеті байқауды өткізу туралы ережені әзірлейді, жалпы басшылықты, ағымдағы ұйымдастыру жұмысын жүзеге асырады (1-қосымша).

4. ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Өткізу күні мен уақыты: **2023 жылғы 04 мамыр, басталуы сағат 10:00-де.**

4.2 Өтетін орны: **ҚАЕУ Жоғарғы колледжінің саптық алаңы.**

4.3 **Студенттердің келуін қамтамасыз етуге жауаптылар:** 1 курс топтарының кураторлары.

4.4 **Байқау қатысушылары:**

1) ҚАЕУ Жоғарғы колледжінің 1 курс студенттері (22 ПД - р1.1, 22М - р1.1, 22 ПД - р1.2, 22М - р1.2, 22ПиМ(ин) - р1, 22СБ - к1, 22П - р1, 22 ПиМ(ин) - к1, 22ФКС - к1, 22СБ - р1;

2) Көлік және өмір қауіпсіздігі колледжінің 1 курс студенттері (22 М - р1, 22СБ - р1, 22АТ - 1).

4.5 **Киім формасы:** далалық камуфляж формасы, белдік белбеу, қалпак, ақ қолғап, взвод эмблемасы.

4.6 **Жұмыс тобы:** әр колледжден - 1 БӘЖТД оқытушысы, 2 студент.

4.7 **Өзін-өзі қорғау әдістері:** Шығыс Қазақстан облысы полиция департаментінің, ШҚО полиция департаментінің кинологиялық қызмет орталығының қызметкерлері дайындаған шеберлік сыныптары.

4.8 **Қазылар алқасының құрамы:** 2 қосымша.

5. БАЙҚАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

- ҚР Мемлекеттік Әнұранын орындау;
- Саптық көрініс.

I этап

- Салтанатты маршпен алаңнан жүріп өту: взводтың аты мен ұраны;
- Взвод құрамында саптық әнді орындау.

II этап

- Взвод командирінің саптық техниканы және қарусыз қозғалысты орындау.

III этап

- Взвод командирлерінің байқауы: Калашников автоматын бөлшектеу және құрастыру.

6. ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

6.1 Байқаудың нәтижелері әр кезеңнің қорытындысы және жалпы байқаудың қорытындысы бойынша командалардың өткен 3 кезең үшін жинаған балдарының санын қосу жолымен айқындалады.

6.2 Төрешілер комиссиясының құрамы келесі номинациялар бойынша үздік студенттерді марапаттауға кеңес береді: «Үздік салтанатты марш», «Үздік саптық ән», «Үздік саптық техникалар», «Үздік капитан».

6.3 Байқау жеңімпаздары ең көп балл жинаған және I, II, III орын алған взводтар болып саналады. Жеңімпаздар ШҚО кәсіптік білім беру орталығының I, II, III дәрежелі дипломдарымен, «Үздік салтанатты марш», «Үздік саптық ән», «Үздік саптық әдістер», «Үздік капитан» номинация иегерлері Грамоталармен марапатталады.

I қосымша

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРАМЫ

1. Таскимбаева Р. К. - ҚАЕУ Жоғары колледжі директорының әдістемелік және ғылыми жұмысы жөніндегі орынбасары;

2. Амангелдина С. А. - ҚАЕУ Жоғары колледжі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, арнайы пәндер оқытушысы;

3. Касенов К. Т. - ҚАЕУ Жоғары колледжінің бастапқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысы.

ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

Қазылар алқасының төрағасы: Недорубко О.Н. - Өскемен қаласы қорғаныс істері басқармасы бастығының орынбасары, штаб бастығы, подполковник.

Қазылар алқасының мүшелері:

1. Ильясова Г.Б. - Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының ТжКБ бөлімінің бас маманы;

2. Утепова З.Ш. – «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ директорының орынбасары;

3. Кошкинчинов Р.Н. - Шығыс Қазақстан облысы полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы, полиция подполковнигі;

4. Ахметова Б.Ж. - Шығыс Қазақстан облысы полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі, полиция подполковнигі;

5. Қасайынов О.С. - Шығыс Қазақстан облысы полиция департаменті кинологиялық қызмет орталығының бастығы, майор;

Байқауға қатысушылардың іссапар шығындары (жол жүру, тамақтандыру) іссапарға жіберуші тараптан қаржыландырылады.